

---

---

## ТІЛ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

---

---

А.БАЙНИЯЗОВ  
Ж.БАЙНИЯЗОВА

### ТҮРІК СӨЗДІГІНДЕ КОНВЕРСИЯЛАНҒАН МАҒЫНАНЫң БЕРІЛУІ ЖАЙЛЫ

В статье рассматривается вопрос роли определения значений слова, а также описывается процесс конверсии в толковом словаре турецкого языка.

*Makalede kelimelerin anımlarını belirtmenin rôle ve Türkiye Türkçesinin İzahlı Sözlüğündeki yeni kelimelerin oluşumu ve onları bir söz grubundan diğer söz grubuna geçme süreci ifade edilmektedir.*

Тілдің ішкі даму заңдылықтарына сәйкес сөздер грамматикалық өзгерістерге ұшыраш отырады. Сөздіктегі конверсияға ұшыраған сөздердің сөз табын көрсету сөздікті пайдаланушының назарын өзіне аударып мәтіндегі мағынаны тұра беруіне жәрдемін тигізеді. Конверсия – тілдегі ең маңызды сөзжасам тәсілдерінің бірі. Тілдегі конверсия тәсілінің анықтамасын А.М.Калюта былай береді. «Конверсия (conversion) – в словообразовании безаффиксный способ образования новых слов, при котором происходит переход слова из одной части речи в другую: *столовая* (прилагательное) → *столовая* (существительное); *больной* (прилагательное) → *больной* (существительное). В англ. То jump («прыгать») → a jump («прыжок») и др. [1, 47]. Осылайша бір сөз табының бірнеше сөз табының қызметінде жүмсалуы арқылы жаңа сөз тудыру тәсілі тіл білімінде конверсия деп аталады.

Сөздікші сөздердің мағынасын толық ашу мақсатында сөздіктегі көп мағыналы сөздер мен лексикалық омонимдер арасындағы арақатынасты дәл ажыратуы керек. Омонимдер мен көп мағыналы сөздердің бір-бірінен айырмашылығы тұлғасында емес, мағынасында жатыр. Көп мағыналы сөздердің екі я одан да көп мағынасы болады. Олар бір сөз табына қатыстырылғымен ерекшеленеді. Көп мағыналы сөздердің жеке мағыналары арасындағы байланыстың үзілтін нәтижесінде пайда болған омонимдердің екі түрі болады. Олардың бір тобы лексико-грамматикалық омонимдер болса, екінші тобы лексикалық омонимдер деп аталады. Лексико-грамматикалық омонимдер – бір мезгілде бірнеше сөз табының қызметінде қолданылатын, генетикалық тұрғыдан туыспайтын омонимдер. Лексикалық омонимдер – бір сөз табының құрамына кіретін, генетикалық тұрғыдан туыстас омонимдер. Кейбір сөздер жоғарыдағы екі топқа да жататын омонимдердің қасиетін қамтиды. Олар аралас омонимдер деп аталады. Аралас омонимдер әдетте көп сыйбарлы болып келеді. Мәселен, *күр* сөзі зат есім, үстеу, етістік әрі одағай сөз ретінде қолданылады.

*Күр I.* Зат есім. Киіз үй жабдығы.

*Күр II.* Зат есім. Таулы, орманды жерде тіршілік ететін құс.

*Күр III.* Үстеу. Бекер, бос, текке, жат, әшейін.

*Күр IV.* Етістік. Бір нәрсенің негізін салу орнату.

*Күр* V. Одағай. Жылқыны шақырганда не тоқтатарда айтылатын ишарат сөз [2, 102].

Конверсия қазіргі заманға ғана тән құбылыс емес. Бұл түркі тілдерінің табиғатында бар, көнеден келе жатқан сөзжасамдық құбылыстардың бірі. М.Малбақов кеңестік дәүірде түркі лексикографиясында конверсия құбылысын жан-жақты зерттеген ғалымдардың қатарына А.А.Юлдашев пен Ж.М.Гузеевті, қазақ тіл білімінде лексико-грамматикалық омонимия құбылысын алғаш зерттегендер қатарына К.Ахановты жатқызады [3, 194-195].

А.А.Юлдашев сөздің әуелі жаңа синтаксистік қолданыста орнығатынын, кейіннен морфологиялық және лексикалық түргыдан бекитіндігін жазады. Ол конверсияға сөздердің белгілі бір тобы ғана ұшырайтынына және оның сөздің семантикасымен де байланысты болатынына тоқталады. Сонымен бірге сөз мағынасының екіжақтылығы оның бірнеше қызметті атқаруына негіз болатынын, ал сол екінші қызметті, негізгі мағынадан шеткери, шалғайлау жатқан мағыналық қызметті атқара отырып, сол қызметте бекі отырып, сөз бірте-бірте бірінші сөзден, яғни өзінің негізгі қызметіндегі сөзден қашықтай беретінін, ақыры омоним сөзге айналатынын жазады [4, 250-252]. Ғалым конверсияға ұшыраған зат есімдердің кез келген сын есімдердің орнында қолданыла бермейтіндігін башқұрт тілінен мысалдар келтіре отырып, тек сын есім ретінде қабылдану мүмкіндігі бар зат есімдердің тобының, сын есімдер мен ұстулерге байланысты олардың арасында бір-біріне үқсас, шектес аралық топтар арасында қолданылу мүмкіндігі барлығын айтады. Сонымен бірге конверсияның сөзжасамдық қызметіне жағдай жасайтын факторлардың бірі ретінде тілдегі белгілі бір сөз топтарының бір сөз табынан екінші сөз табына ауысуына мүмкіндік жасайтын грамматикалық үлгілерден сөз етеді: етістіктердің -ыш түлғасы [4, 255].

Ж.М.Гузеев конверсияның сын есім-зат есім, сын есім-ұстуу типтерін беруде түркі тілдері сөздіктерінде жүйеліліктің болмай отырғанын жазады. Қазақ, қыргыз, түрікпен тілдерінің түсіндірме сөздіктерінде сын есім-ұстуу конверсиясының берілмегендігін, бұл топтағы сөздердің тек қана сын есім ретінде берілгендейдігін айтады [5, 63].

Конверсия құбылысын түсіндірме сөздігімізде қалай жүзеге асырудамыз. Айтылуы бірдей, мағыналық жағынан алшақ омоним сөздер сөздік мақалада атап сөз ретінде жеке беріледі. Ерекше тоқталатын жағдай, кейде бір сөздің, атап айтқанда, сын есім-зат есім, сын есім-ұстуу типтерін, яғни сын есімдердің ұстуу я зат есім қызметінде жұмсалып, бірнеше сөз табына қатыстылығы жайында А.А.Юлдашев пен Ж.М.Гузеев еңбектерінде айтылған, яғни «сөздің бір мағынасының бірнеше конверсиялық лексемаларда көрінуі мүмкін деген ойлары дәстүрлі түсіндірме сөздіктерімізде көрініс тапқан ба?» деген мәселе төңгрегінде болып отыр.

Төменде он бес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» әрі сын, әрі зат есім ретінде жұмсалатын кейбір сын есімдердің берілу жүйесінен мысал

## А.Байниязов, Ж.Байниязова. Түрік сөздігінде конверсияланған...

келтіріп отырмыз. Сөздікте конверсия құбылысына ұшыраған сөздер грамматикалық мағынаның өзгеруі; сөз мағынасының басқа реңк алуы сілтемесінде жұмсалатын // шартты белгісінен кейін берілген. Бірақ қай сөз табына қатыстылығы көрсетілмеген.

**АҚ** сын. 1. Қардың, сүттің түсіндей аппақ тұс. 2. ауыс. Адал, кінәсіз, жазықсыз. // Шаш, сақал-мұрттың бозаң тартқан талшықтары. // Жұмыртқаның сарысын қоршап тұрган уызы. // Көздің қарашиғын қоршап тұрган бөлігі. // Ақырет кебін. // Айран-сүт. // Патша үкіметін жақтаушы әскер. // Дойбының тасы, шахматтың фигурасы [6.211].

Сөздікте // шартты белгісі қойылмаған тек сын есім ретінде жұмсалатының ғана көрсететін атау сөздерді кездестіруге болады. Сөздікте «ауыр» сын есімінің 10 түрлі мағынасын нақты көркем шығармалардан алынған мысалдармен берген. Осы сөздің 8-мағынасы сын есім ретінде емес, үстене қызметінде жұмсалып тұрғаны көрініп тұр. Бірақ берілген сөздің үстене қызметінде де жұмсалатыны жайында ешқандай белгімен көрсетілмеген.

**АУЫР** сын. 1. Салмақты, жеңіл емес. Ауыр немесе қомақты жүктеп тиелген кейбір арбаларға бес-алты адамға дейін жегілген екен (С.Мұқанов, Шығ.). 2. Қыншылығы, азабы мол; ауыртпалығы, мекнаты көп (жұмыс, еңбек, іс). Қайсар ат қорада женіл жұмысқа үйреніп қалғандықтан ба, тақа ауыр жұмыстан қашыққырап жүрді (І.Есенберлин, Алтын құс)... . 8. Ақырын, қиналып, баюу, жай. Машина ауыр қозғалды, Азынаң соқты жел демде. Айтылмай қанша сөз қалды, Арманұды сенің кеуденде (С.Мәуленов, Алыс кетіп). Өз үйіне әрең жетіп, аяғын ауыр басып, қақпадан кіре бергенде, қарындасты Маржан жүтіріп шықты (М.Ғабдуллин, Саржанырак) [7.221-222].

Сөздің бір мағынасының бірнеше конверсиялық лексемаларда көрінуі мүмкін. Конверсияға ұшыраған сөздер түрік тілінің түсіндірме сөздігін негізге алып дайындалған «Түрікше-қазақша сөздік» атты еңбекте төмендегідей көрініс тапқан.

*Birinişidən*, түрік тілі сөздігінде бір сөздің бірнеше сөз табында жұмсалып, бір мезгілде сын есім мен үстене (*s-sifat, zf-zarf*), зат есім мен сын есім (*is-isim, sıfat*), зат есім мен үстене (*is-isim, zf-zarf*) мағыналарын иеленетін сөздердің бір сөздік мақалада берілгенін көреміз.

**KALİTE** *is.* 1. Сапа. *Kumaşın kalitesi*. Матаңың сапасы. 2. *s.* Сапалы, жоғары сапалы. *Kaliteli mal*. Сапалы тауар [8.440].

**MAKSATLI** *s.* 1. Мақсатты, мақсат еткен. 2. *zf.* Әдейі, біле тұра [8.528].

**MALÜM** *s. Ar.* 1. Белгілі, мәлім. *Herkese malüm olay*. Жалпыға мәлім оқиға. 2. *zf.*

Белгілі, түсінікті. *Malüm olduğu gibi*. Белгілі болғандай [8.529].

**SAC** *is.* Қаңылтыр, табақ темір, қаңылтыр табағы. 2. *s.* Қаңылтырдан жасалған [8.616].

**SAFÇA** *s.* 1. Жай, аңқаулау, қарапайымдау. 2. *zf.* Құлықсыз, құлық-сұмдықсыз [8.617].

**SADE** *is.* *Far.* 1. Қарапайым, жай, жұпның. *Sade bir giysi.* Қарапайым киім. 2. Таза,

қоспасыз. *Sade kahve.* Қантсыз, сұтсіз кофе. 3. *zf.* Тек, тек қана [8.617].

**SAĞMAL** *s.* 1. Сауынды, сауылатын, сұт беретін. 2. *is.* Сауынды сиыр [8.619].

**SALLAPATI** *s.* Женілтек, үшқалақ, ұстамсыз. *Sallapatı bir adam.* Женіл мінезді адам. 2. *zf.*

Женіл-желші, жүрдім-бардым, немқұрайды, жеңілтектеніп. *Sallapatı konışmak* Жүрдім-бардым сөйлесу. 3. *s.* Үстіртің, немқұрайды жасалған (зат) [8.623].

**YAKIN** *s.* 1. Жақын, таяу. 2. Шамалас, жуық, жақын, ұқсас. *Bina yakın bir söz söyledi.*

Осыған жақын бір сөз айтты. *Beyaza yakın bir renk.* Ақ түске жақын түр. 3. Жуық,

шамасы,- дай. *Üç yula yakın.* Үш жылға жуық, үш жылдай. *Yaşı seksene yakın.* Жасы

сексен шамасы. 4. *zf.* Жақын, таяу. *Karıya yakın oturdu.* Есікке жақын отырды [8.754].

**YALNIZ** *s.* Жалғыз, дара. *Yalnız ev.* Жалғыз үй. *Buraya yalnız geldi.* Бұл жерге жалғыз өзі келді. 2. *zf.* Тек, тек қана. *Yalnız bir ülkede.* Тек қана бір мемлекетте. 3. *bağ.* Тек, алайда. *Güzel yalnız biraz renksiz.* Әдемі, бірақ біраз өнді түскен [8.757].

Түркі тілдеріндегідей қазақ тілінде де кейбір лексикалық тұлғалардың контексте әрі сын есім, әрі үстене қызметінде жұмсалуы мүмкін. Қазақ тілінде «Байбаламсыз» сөзі сөйлемде әрі сын есім, әрі үстене қызметінде жиі жұмсалатын сияқты. *Məseləni baiabalamsız işesh,* *baiabalamsız işke kırıcı* тіркестеріндегі *baiabalamsız* сөзі қандай деген сұраптан гөрі, іс-әрекеттің қалай өткенинен, қалай іске асқандығынан хабар беріп, етістіктің әрекетін айқындаі түседі.

**БАЙБАЛАМСЫЗ** сын. *Aifai-ýıfaisız,* *ýrys-kericciz.* Нендей істер болса да у-шусыз, дай-дамайсыз, *baiabalamsız,* өзінің бабымен шешіліп жататын болды (Ж.Исмағұлов, Адам.) Тоқ етерін бір-ак айтады да, ешбір айқай шусыз, *baiabalamsız-ağ* іске кіріспін кетеді («Лен. жас») [7.576].

*Ekinişidən,* есім сөздердің алдына бірнеше сөз табы табына қатыстылығы (*s. ve is.*), қатар көрсетіледі. Бұл сөздердің арасында мағыналық байланыс үзілмеген. Олар сөйлемде зат есімдердің алдында жұмсалғанда сын есім қызметін атқарса, қимыл етістіктерімен тіркес құрағанда үстене қызметінде жұмсалуы әбден мүмкін.

**YABANCI** *s. ve is.* 1. Шетелдік, жат жұрттық; шетел. *Yabancı uzman.*

Шетелдік маман. *Yabancı diller.* Шетел тілдері. *Yabancı başın.* Шетел баспасөзі. 2. Бөтен, бөгде. 3. Бейтаныс, таныс емес [8.623].

**KAHRAMAN** *is. ve s.* *Far.* 1. Қаһарман, батыр, ер. 2. *ed.* Кейіпкер [8.623].

## А.Байниязов, Ж.Байниязова. Түрік сөздігінде конверсияланған...

**MAMUL, -lü** *s. ve is. Ar.* 1. Жасалған, дайындалған, өндірілген. *Taştan matul pipo.* Тастан жасалған темекі трубкасы. 2. Өнім, бұйым. *Petrol mamlueri.* Мұнай өнімдері [8.623].

**MANTARCI** *is. ve s. argo* Суайт, өтірікші [8.623].

**MAVİŞ** *is. ve s. hlk.* Ақ тәнді, кек көзді (әйел) [8.623].

**YALANCI** *s. ve is.* 1.Өтірікші. 2.Жалған, қолдан жасалған. *Yalancı elmas.*

Қолдан жасалған алмас. *Yalancı suçlamalar.* Негізсіз айыптаулар [8.623].

**YANDAŞ** *is. ve s.* Жақтас, жақтаушы, қолдаушы; ізбасар, жолын қуушы [8.623].

Қорыта келгенде, конверсияланудың түрақтануы дегеніміз лексикалық бір тұлғаның жарыспалы мағынасының орныгуы, сөздің омонимдік сипатқа ие болыш, қолданыста басқа бір сөз табы ретінде контексте еркін жұмысалуы. Жоғарыда түрік тілінің түсіндірме сөздігінде конверсияланған, бір-біріне үқсас, шектес аралық топтардың бір-бірінің орнына қолданыла беретіндігі қалай көрініс тапқанын көрдік.

### **ӘДЕБІЕТТЕР**

1. Калиота М.А. Словарь лингвистических терминов. – Стамбул: Multilingual, 2004. – 118.
2. Қалиев Ф., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. – 264 б.
3. Малбақов М. Бір тілді түсіндірме сөздіктің құрылымдық негіздері. – Алматы: Фылым, 2002. – 368 б.
4. Юлдашев А.А. Принципы составления тюркско-русских словарей. – М.: Наука, 1972. – 416 б.
5. Гузев Ж.М. Семантическая разработка слова в толковых словарях тюркских языков. – Нальчик: Эльбрус, 1985. – 194 б.
6. Қазақ әдеби тілінің сөздігі /Он бес томдық/. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. 1-том. – А – А. – 752 б.
7. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. 2-том. – А – Б. – 744 б.
8. Байниязов А., Байниязова Ж. Түрікше-қазақша сөздік. Алматы: «Атамура» баспасы, 2007. 808 б.

### **REZUME**

A.BAYNIYAZOV, ZH. BAYNIYAZOVA (Turkistan)  
METHODS OF TRANMISSIN OF THE CONTENT OF THE CONVERSION  
OF WORDS IN TIRKISH

The article discusses the role of determining the values of the word, but also describes the conversion process in an explanatory dictionary of Turkish language.